

А. Конырова 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: konyrovaazhan@gmail.com

КЕҢЕС ҮКІМЕТІНІҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ САЯСАТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫН ОРЫСТАНДЫРУҒА ӘСЕРІ (XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ)

Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бергі отыз жылдық уақытта отандық ғылым саласында бірқатар өзгерістер орын алғаны белгілі. Дегенмен өткеннен сабақ ала отырып, болашақты дұрыс болжау үшін еліміздің өткен тарихы жаңа көзқарастар тұрғысынан қайта қарастырыла бастағаны белгілі. Бүгінгі күн тұрғысынан қайта қарастыруды қажет ететін сондай тақырыптардың бірі – отан тарихының ақтаңдақ беттерінің бірі болып табылатын кеңестік кезеңнің тарихы, оның ішінде кеңес үкіметінің ағартушылық идеясын насихаттай отырып, қазақ халқының рухани әлемін орыстандыру саясаты болып табылады. Кеңес үкіметінің орнауымен бірге тіл саясатында өзгерістердің орын алуы халық тарапынан алаңдаушылық туғызды. Осы жолда жүріп өткен қазақ ағартушыларының еңбектері мен ерліктері, сауаттандыруға байланысты ашылған мектептер, қазақ жастарының білім алуы, әріптердің ауысуы сынды қазақ қоғамында болып жатқан өзгерістер әлі де болса зерттеуді қажет ететін тақырыптардың бірі.

Мақалада XX ғасырдың бас кезіндегі Кеңес үкіметінің қазақ қоғамын орыстандыру саясаты жайында. Сол кезеңдегі қазақ қоғамын рухани отарлау, сауатсыздықпен күрес, орыс мектептерінің көптеп ашылуы, орыс тілін меңгеруге көптеп мән беру, әріптерді реформалау саясатының мәні туралы баяндалады.

Түйін сөздер: реформа, сауатсыздық, тіл, білім, отарлау, тәуелсіздік.

A. Konyrova
Al-Farabi Kazakh National University. Kazakhstan, Almaty,
e-mail: konyrovaazhan@gmail.com

The educational policy of the Soviet government and its influence on the rusification of the Kazakh society (early 20th century)

As you know, in the thirty years since independence, a number of changes have occurred in Russian science. However, drawing lessons from the past, it is known that in order to correctly predict the future, the past of our country begins to be revised from the point of view of new views. One of these topics that require rethinking today is the history of the Soviet period, which is one of the most relevant pages in the history of the Fatherland, including the policy of Russification of the spiritual world of the Kazakh people with the promotion of the educational idea of the Soviet government. With the establishment of Soviet power, there were changes in the language policy. The changes taking place in the Kazakh society, such as the works and exploits of the Kazakh enlighteners, schools related to literacy, the education of the Kazakh youth, the change of letters, are still one of the topics that need to be studied.

The article deals with the policy of Russification of the Kazakh society by the Soviet government in the early twentieth century. Russian literature tells about the spiritual colonization of the Kazakh society of that period, the fight against illiteracy, the opening of a large number of Russian schools, the importance of learning the Russian language, and the essence of the policy of reforming letters.

Key words: reform, illiteracy, language, education, colonization, independence.

A. Конырова
Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы,
e-mail: konyrovaazhan@gmail.com

Просветительская политика Советского правительства и ее влияние на русификацию казахского общества (начало XX века)

Как известно, за тридцать лет с момента обретения независимости в отечественной науке произошел ряд изменений. Однако, извлекая уроки из прошлого, известно, что для правильного прогнозирования будущего прошлое нашей страны начинает пересматриваться с точки зрения новых взглядов. Одной из таких тем, требующих переосмысления на сегодняшний день, является история советского периода, являющаяся одной из самых актуальных страниц истории Отечества, в том числе политика русификации духовного мира казахского народа с

пропагандой просветительской идеи советского правительства. С установлением советской власти происходили изменения в языковой политике. Изменения, происходящие в казахском обществе, такие как труды и подвиги казахских просветителей, школы, связанные с грамотностью, образование казахской молодежи, смена букв, по-прежнему являются одной из тем, которые требуют изучения.

В статье речь идет о политике русификации Казахского общества советским правительством в начале XX века. Рассказывается о духовной колонизации казахского общества того периода, борьбе с неграмотностью, об открытии большого количества русских школ, о важности изучения русского языка, о сути политики реформирования букв.

Ключевые слова: реформа, неграмотность, язык, образование, колонизация, независимость.

Кіріспе

Мемлекетіміздің басшысы Қ.К. Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласында: Тоталитарлық кезеңде ұлттық құндылықтарымыздан, тілімізден, діліміз бен дінімізден айрылып қала жаздағанмыз туралы, бірақ ұлт ретінде сақталып қалуда болашақ ұрпақ жаңа сын-қатерге дайын болуы керек екендігі туралы айтылған болатын (Тоқаев, 2021). Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бергі отыз жылдық уақытта отандық ғылым саласында бірқатар өзгерістер орын алғаны белгілі. Дегенмен өткеннен сабақ ала отырып, болашақты дұрыс болжау үшін еліміздің өткен тарихы жаңа көзқарастар тұрғысынан қайта қарастырыла бастады. Қазақстанның жаңа тарихын жүйелі зерттеуді алдыға мақсат етіп қойды. Бүгінгі күн тұрғысынан қайта қарастыруды қажет ететін сондай тақырыптардың бірі – отан тарихының ақтандық беттерінің бірі болып табылатын кеңестік кезеңнің тарихы, оның ішінде кеңес үкіметінің ағартушылық идеясын насихаттай отырып, қазақ халқының рухани әлемін орыстандыру саясаты болып табылады.

Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен басталған қазақ халқының ұлттық сана-сезімін ояту мәселесі бүгінгі күні де өзектілігін жойған жоқ. Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырларынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды», – деген болатын (Назарбаев, 2017). Патша үкіметінің ағартушылық саясатын жамылған отаршылдық үкімет XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ халқының ғасырлар бойы ислам дінінің ықпалында қалыптасқан салт-дәстүрі мен білім беру жүйесін дағдарысқа ұшыратып, ал XX ғасырдың басында кеңес үкіметінің бұл саладағы ұстанымы оны тікелей жойып жіберуге әкеп соқты.

Материалдар мен әдістер

XX ғасырдың басында кеңес үкіметінде рухани салада орын алған өзгерістердің қазақ қоғамына әсерін, өзара байланысын ашып

көрсету үшін жалпығылыми және жалпытарихи әдістер қолданылып, тарихи үдерістерді сипаттау және тақырыпқа қатысты әртүрлі фактілерді жан-жақты талдап, тарихи шынайылыққа жақындау үшін объективтілік және тарихилық, сондай-ақ, жүйелілік қағидалары басшылықта ұсталды.

Мақаланы жазуда деректік негіз Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік архивінің материалдары құрайды. XX ғасырдың басындағы қазақ халқының рухани өміріне қатысты ресми деректер Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік архивінің Жаңа алфавитке көшудің барысы туралы (1692 қор), КСРО-дағы халық ағарту қарары (81 қор) сияқты қорларда сақталған. Зерттеу жұмысында пайдаланылған дереккөздерінің ақпараттылық және сенімділік дәрежесі бар. Сондықтан Қазақстанның XX ғасырдың басындағы рухани өмірі туралы тақырыпты ашуға мүмкіндік береді.

Нәтижелер мен талдаулар

Кеңес үкіметі орнағаннан кейін халық арасында сауатсыздықты жою мақсатында 1919 жылы 26 қаңтарда «РКФСР халықтары арасында сауатсыздықты жою туралы» Декрет қабылданды. Республиканың 8 бен 50 жас аралығындағы оқи, жаза білмейтін барлық азаматтары ана тілінде немесе орыс тілінде сауатын ашуға ерікті болды. Қазақ жеріндегі сауатсыздар санының көрсеткіші санақ жұмыстарын жүргізудегі мәліметтерде көрініс тапты. Мысалы, 1897 жылғы санақ бойынша Қазақстанда «хат танитындар» саны 7,8 % болды. Онда да сауатты деп қазақша қалам түртіп, қазақша сөзді білмейтін молдалар, жазуы былай тұрсын, қазақша сөзді дұрыс білмейтін тілмаштарды ғана санайтын. 1920 жылғы санақ бойынша Қазақстанда сауаттылық 19,4 % болса, демек, 1897-1920 жылдар аралығында, яғни 23 жылдың ішінде халықтың сауаттылығы 6,6 пайызға өскен. 1936 жылы халықтың сауаттылығы 61 % өсті деп

Т. Жүргеновтің «Қазақстанда сауатсыздықты жою жұмысы туралы» еңбегінде жазылған (Жүргенов, 1936: 4). Ал, 1927 жылы қарашада болған ҮІ Бүкілқазақтық партконференцияда Ф. Голощекиннің берген есебінде қазақ халқының 97% сауатсыз екендігін көрсетіп, «осы сауатсыздарды латын әрпі бойынша жеңілірек жазуға үйретуге болар еді, ал мына араб жазуын білетін 3% бұқараның мәдени дамуын тежеп отырған осылар» деп көрсетілген (Омарбеков, 2001: 84).

XX ғасырдың басында Кеңес үкіметінің жүргізілген қаріптерді реформалау және сауатсыздықпен күреске байланысты жұмыстары қазақ халқын орыстандыруға байланысты жасалған әрекеттері екендігі дәлелденіп келеді. Қазақ тілінің әліпби жүйесі бірнеше тарихи кезеңдерді басынан өткізіп, 1929 жылға дейін Қазақстанда араб жазуы пайдаланылғаны белгілі. XX ғасырдың басында Ахмет Байтұрсынұлы ұсынысымен қазақ фонетикасының ерекшеліктері ескеріліп жасалған, араб графикасына негізделген «төте жазу», 1929-1940 жылдар аралығында латын графикасына негізделген әліпбиді жазу жүйесіне енгізу, 1940 жылдан бері қарай кирилл графикасы әліпбиін қолданылғаны да мәлім. Ағартушы-педагог ғалым Ахмет Байтұрсынұлы айтып кеткендей, «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі» деген екен. Сол тіліміз қанша қиын кезеңнен өтсе де ұлт жанашырларының арқасында бүгінгі күнге жетіп отырғаны белгілі.

Кеңес үкіметі кезеңінде сауатсыздар санының төмендігі және қазақ тілінің қалыптасуына, халықтың сауаттануына байланысты халық арасынан шыққан зиялы қауым өкілдері атсалыса бастады. Баспасөз орындары сауаттандыруға байланысты оқу құралдарын, әдістемелік нұсқаулар шығарды. А. Байтұрсынұппен бірге қазақ тілінде оқулықтарды құрастыру, оларды аудару үшін қазақ зиялыларының басын біріктірген жиында Ә. Бөкейханов, С. Сәдуақасов, Б. Сәрсенов, Х. Болғанбаев, Е. Омаров, Ж. Аймауытов сияқты біртуар азаматтар қатысты. Олар әр пән бойынша оқулықтар жазуға тиіс болды. Балаларға білім берудің бірінші басқышы – бастауыш мектеп екендігін сол кезде білген А. Байтұрсынұлы білім көзінің алғашқы сатысына қатты назар аударды. «Бастауыш мектеп» деп аталатын мақалада ол қандай болу керек деген мәселе қойып, ауылдық мектептердің жай-күйі, ондағы бағдарламалардың, оқу құралдарының тапшылығы, балаларды оқытатын мұғалімдердің жетіспеушілігі жөнінде сөз қозғайды.

Сонымен қатар, мектепте оқытылатын пәндерге және оны оқытудың жолдарына қатты назар аударғандығы туралы тарихшылардың еңбектерінде дәлелденіп келеді. А. Байтұрсынұвтың: «Бастауыш мектепте кілең қазақ тілінде үйретілетін нәрселер, оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, жағрафия, шаруа-кәсіп, жаратылыс жайлы» – болуы дұрыс десе, Ж. Аймауытов: «Балаға жалаң білім үйрету, басқаша айтқанда, баланың басын түрлі көп мағлұматпен тығындап толтыра беру ақылын күшейтуге себеп болады деу – қате. Бүйтіп білім үйреткенде баланың басы неше түрлі білімді жинап, сақтап қоятын бір қойма іспетті болады. Ондай мектеп, ондай оқыту, тек ақылды олай-бұлай қозғап, созылғаннан басқа, балаға ешбір тәрбие бере алмайды. Сондықтан мектеп балаға пайдалы білімдерге негіз салып, келешекте ол білімін өркендету үшін ақылын күшейту жағын ескерту керек; екінші түрлі айтқанда, білім көбейту мен нақыл күшейту мақсұты қатар көзделу керек», – деп жазады (Байдавлетова, 2016: 136). Яғни ағартушылардың бұл ойынан түйіндейтініміз қазақ жастарының ана тілінде сапалы білім алуын көздегені белгілі.

Сол кездегі қазақ жерлерінде ашылған орыс мектептерінің де, халыққа пайдасының аз екендігін батыл айта білді. Орыс мектебінде оқу бағдарламалары болғанымен оны барлық оқушы бастауыштық білімнен кейін жалғастыра алмайтыны белгілі еді (Сыздықова, 1990: 21). Бұл ретте араб жазуын қазақ тіліне икемдеген нұсқасы қазақ халқының оның ішінде, мұғалімдер тарапынан қолдау тапты. Бұл реформа қазақтың жаңа әліпбиін жасауға мүмкіндік берді. 1912 жылдан «Жаңа емле» деп аталған жаңа жазу іс жүзінде қолданысқа енді. «Жаңа емле» аясында 1913 жылдан бастап мұсылман медреселері мен қазақ-орыс мектептерінде білім алушылар оқи бастаса, 1915 жылы 15 шақты кітап басылып шықты. Араб әріптері негізінде лайықталған қазақ графикасы 1924 жылы 12 маусымда Орынбор қаласында өткен қазақ, қырғыз білімпаздарының тұңғыш съезінде талқыланып, алты мәселені мақсат етіп қояды: 1. Жазу, яғни орфография ережелері; 2. Әліпби (алфавит, графика мәселесі); 3. Қазақша пән сөздер; 4. Ауыз әдебиетін жию шаралары; 5. Оқу, ғылым кітаптарын көбейту шаралары; 6. Бастауыш мектептердің программасы. Оның ұсынған араб жазуы қазақ халқының мәдениетіне, халықты сауаттандыру ісіне, баспа жұмысына септігін тигізді. Бұл тәжірибені басқа ұлттар да құптап өз жазуларына өзбектер мен татарлар да реформа жасай бастады (Сыздықова, 1990: 25-26).

Қазақ ағартушыларымен бірге орыс ғалымдары да өз еңбектерін халық арасында насихаттап, білім алуға өз үлестерін қосқан сыңай танытты. Солардың бірі, А. Васильевтің «Букварь» оқулығы қазақтардың орысша сауат ашып, алғаш мектепке баруға дайындық кітабы болды. «Букварь для киргизов» деп аталатын оқулық қазақтарды орыс тілін үйренуге бағытталған оқулықтың бірі болды. Оқулық орыс тіліндегі әріптердің қазақша айтылуымен салыстырылып, әрбір әріпке жеке-жеке тоқталып, аса қатты назар аударғаны (Васильев, 1912: 1-2) оқулықтың алғы сөзінде жазылып, қазақ-орыс тілдерінің кейбір сөздері салыстырылып, қазақ тілінің сөйлеуіне жеңілрек болуы үшін орыс сөздерінің айтылуын ыңғайластырған еді. Мұндай еңбектер сол кезде көптеп белең ала бастады. Халықты сауаттандыруға, оқу-білім мен жалпы мәдениеттің өркендеуі үшін газет-журналдардың үлесі зор болды. Қазақ ұлттық баспасөзінің қалыптасуы 1921 жылы 11-18 маусымда болған РК(б)П Қазақстан облыстық бірінші конференциясынан кейін кең түрде қолға алына бастады. Бұл конференцияда елдегі сауатсыздықты жойып, қазақтың саяси және жалпы сауаттылығын көтеруді, Кеңес өкіметінің мәні мен шараларын халыққа түсіндіруде үгіт-насихат бөлімінің жұмысын жандыру мәселесі қойылған болатын. Оның негізгі құралы – баспасөз екендігі де баса көрсетілді. Конференцияда қазақ тілінде шығатын газеттерге ерекше көңіл бөліп, оның дәрежесін көтеруді де талап етілді (Смағұлова, 2011: 13). Мысалы, 1920 жылы Қазақ АКСР-ы құрылған соң қазақ тілінде шығарылатын газет-журналдар саны арта бастады. 1920-1925 жылдары 15 шақты газет-журналдар шығарылды. Баспасөз беттері арқылы халық саяси мақалалар, үгіт-насихаттар мен үкімет тарапынан шыққан қаулылар мен қаралардан хабардар болып отырды.

Сауаттандыру кезеңінде халық екі тарапқа бөлініп әріпті реформалауда пікір-талас туындады. Латын әліппесіне көшуге, оны насихаттауда 1922 жылы «Яни-Юл» («Жаңа жол») газеті шыға бастады. Ресей ғалымдары да түркі халықтарын латын әліппесіне көшіру мәселесін арнайы бас қосуларда талқылай бастады және соған байланысты арнайы комиссия да құрылды. Латын әрпіне көшу, латынның негізінде қазақ алфавитін жасауға тапсырма берілді. Осы іске байланысты Н. Төреқұлұлы, М. Мурзин, Х. Досмұхамедұлы жаңа алфавиттің жобасын дайындауға кірісті.

1924 жылы 12-18 маусым аралығында Орынборда А. Байтұрсынұлы, Ә. Бөкейханұлы,

М. Дулатұлы, Х. Досмұхамедұлы, Е. Омарұлы, Н. Төреқұлұлы, Т. Шонанұлы бастаған зиялы қауым өкілдері бас қосып, әріп жайында ұзақ талқылау да жасаған еді. А. Байтұрсынұлы араб әліппесінің орнына латын тілін қолдану бос әурешілік екендігін алға тартты. Оның бұл сөзін М. Дулатұлы да қоштады: «Біздің қазақ жұртында азды-көпті ақ үстінен қара танытындар – сауаттылар бар. Латын жазуын алатын болсақ, бізде бір сауатты адам қалмақ емес, онда сауатсыздықты жоюдың орнына біз сауаттылықты жою жолына түспекпіз. Осы күнгі күшіміздің кемдігінен, қаржының тапшылығынан қолдағы азын-аулақ кітаптарымызды бастыра алмай, газет-журналдарымызды дұрыстап шығара алмай отырғанымызда, латыншаға түссек, бұрынғы мың машақатпен басылып шыққан азды-көпті әдебиетімізді қайта бастырудың өзі бізге жеңіл соқпайды, латын әрпі бізге қаржы ала келіп бермейді. Орыс жұрты латынша алмай отыр, себебі әдебиеті көптіктен болса, біздің аз әдебиетімізді қайта бастыруымыз орыстың көп әдебиетін қайта бастыруынан жеңіл емес. Өйткені орыста мың сан баспахана бар, бізден байлығы артық, білімі артық, ондай күш бізде жоқ. Сондықтан орыс ауырсынған нәрсені біздің оңай көруіміз ақылға сыймайды. Латын мәселесін көтеру бізге әлі ерте», (Махат, 2007: 27) – деп қажеттілігі жоқ екендігін меңзеді. Бұл пікірге басқалар да қосылып, А. Байтұрсынұлы бастаған топтың ұйғаруымен, арап әрпі өзгеріссіз қалады деген шешімге келді. Дегенмен, осындай басқосудан кейін бұл ұстаным Кеңес билігінің идеясы болғандықтан, латын әрпіне көшуді қолдаушылар саны бірте-бірте арта бастады. Яғни, Кеңес өкіметі жаңа алфавитті енгізу арқылы орыстандыруға тағы бір жолын ашты деуге болады.

Ингуш, кабардин, қарашай, адыгей, шешен халықтары өздерінің жазуын латынға көшіру жөнінде шешімді 1925 жылғы қабылдаса, 1926 жылдың наурыз айында өтетін Бүкіл одақтық Түрікшілер съезінің күн тәртібіне түркі халықтарының жазуын латын әрпіне көшу мәселесі қойылғандығы мәлім. Бұл тартыс 1924-1927 жылдар арасында жүрді. Қолданыста жүрген әріптерге байланысты тоғыз түрлі кемшілік айтылды. Халық тарапынан қанша қарсылық байқалғанымен, түркі халықтарын орыстандыру саясатының жоспарлы бағыты екендігі көрсетіліп, 1936-1941 жылдары «жаңа алфавит» орыс графикасына көшірілді (Махат, 2007: 32). Латын әліппесіне қатысты Бакуде өткен түрікшіл ғалымдар арабтың ескі

әліппесінен латын әліппесіне көшуді дұрыс деп тапқандар арасында Т. Шонанұлы да болды.

Өзінің «латыншылдар» мен «қазақшылдар» деген мақаласында жаңа әліппенің мәдениетке, елдің дамуына маңызы зор деп білді. Арабшылдар сөзі: «Әліппе жаңғырту деген тұрмыстан туған жоқ» – дейді (Шонанов, 2017: 213). Кеңес үкіметі келгенге дейін техникамыз аса дамымаған, араб әліппесін аз қолданғандықтан болар біз әріптердің кемшіліктерін аса байқамадық. 1922 жылдан бастап мемлекеттік баспамыз орнап, білім ордалары құрыла бастады. Осы кезде араб әліппесінің кемшіліктері сезіле бастады. Араб әліппесін тастап, латын әліппесіне көшу керек деген сөздер қозғала бастады. А. Байтұрсынұлының араб әліппесіне қатысты бірнеше баяндамаларына латын тіліне көшудің тиімді жолы екендігіне Т. Шонанұлы көп дәлелдер келтірді. А. Байтұрсынов оқуға латын тілінен араб әліппесінің жеңілдігін көрсетуге тырысады және латын әліппесіне мін тағады дей келе, латын тіліне көшуге алғашқы қадам жасаушылардың бірі болды деп айтуға негіз бар.

Араб әліппесін тастасақ түркі елдерінің мәдениет мұрасын, кітаптарын пайдалана алмаймыз, қайта басу қымбатқа түседі дейді. Бірақ олардың халыққа керегі жоқ. Қажет еткен адам болса оны қай тілде болса да оқиды. Біз одан гөрі халық әдебиетін қайта бастыруымыз қажет. Ол біздің мұрамыз.

Қазақ әдебиетін жинап академия әліппесімен бастырған В.В. Радлов болды. Төңкерістен кейін барлығы 44 жаңа көркем әдебиет басылған. Ал 1926 жылдың басына дейін барлығы 442 кітап басылған. Осылардың ішінен қажеттілерін қайта бастырамыз. «Латынды алсақ сауаттыларымыз сауатсызданады» деседі, сауатты адамдарымыздың саны қанша? Олардың көпшілігі молдалар, орысша оқығандар (Шонанұлы, 2017: 226-227). Латын әліппесі керек пе, керек емес пе дегеннен іске көшіп, оны жүзеге асыру, ұйымдар ашып, латынша әліппе кітапшалар шығаруды ойластыруды жөн деп білді.

Сонымен қатар, «Тіл – мәдени өркендеудің басты факторы. Тіл жоқ жерде халық, біріншіден, ұлттық бет-бейнесінен айырылып қалады, екіншіден, рухани мәдени тозғындауға ұшырайды. Тілсіз, сөзсіз ақыл мен ойды қозғай алмайсыз. Ал ой-санасыз сөз жоқ. Яғни, сөйлей білмесе, адамның хайуаннан айырмасы аз» (Шонанұлы, 2011: 17), – деген Т. Шонанұлы тіл білімі саласындағы көлемді еңбектері арқылы ана тілді қорғауда, дамытуда, оны халқының рухани құралы ретінде сақтауға үлес қосқандығы деп білеміз.

Ол халыққа керегі латын тілі дегенімен А. Байтұрсынұлының қазақ жастарының білім алуы үшін мектептерді дүмше молдалар мен патша миссионерлердің ықпалынан азат ету үшін қызмет еткендігін атап көрсетеді. «Бұл жолда Ақаң алғашқы ағартушы болды. Оның жаңа қазақ алфавитін жасауы іс жүзіндегі ішкі және сыртқы жауларымен күресінің көрінісі болатын.... Ахметтің жаңа алфавиті, жаңа әліппесі біздің жаңа өркендеуімізге зор пайдасын тигізетін құбылыс еді. Жаңа алфавит тіліміздің таза сақталуына мүмкіндік туғызды, әлемдік мәдениетпен араласа түзу жолын жеңілдетте түсті... халық мектептерінің өркендеуі жолында алып адым жасағаны анық» (Шонанұлы, 2011: 18), – деп Ахмет Байтұрсынұлының халқы үшін атқарған еңбегін ерекше бағалады.

Осындай пікірталас нәтижесінде Н. Төрөқұловқа 9 адам, Ахмет Байтұрсынұлына 8 адам дауыс берді. Н. Төрөқұловтың айтуынша латын тілін күштеп енгізбейтінін өзінің баяндамасында негізге ала кетті (Amanzholova, 2018: 14).

Латын жазуына өтуге халық арасында қарсылықтың қатты жүргенін Мекемтас Мырзахметұлы да өзінің еңбегінде көрсетеді. Ол, Ахмет Байтұрсынұлы бастаған қазақ зиялылары бұл саясаттың астарында, латын тіліне ауысудың артында түбінде орыстандыру мақсатында орыс таңбасына алмастыратынын жақсы білді. Араб жазуы таңбасын А. Байтұрсынұлының қазақ тілінің дыбыстық табиғатына орай реформалануынан кейін бүкіл әлем ең озық жүйеге түскен жазу таңбасы деп таныса да, кеңестік империя өз дегеніне жетті. Себебі, латынша жазу таңбасына қарсыларға саяси айып тағылып, бұған заң қорғау органдары да тікелей араласа бастады. Сол кезде, «Жаңа әліппе көшу туралы Халық Комиссарлар Кеңесінің жанындағы Орындаушы комиссия» деген ұйым латын тіліне қарсыларды заң жүзінде қудалауды ашық жүргізе бастады (Мырзахметұлы, 2010: 169-170). Бұл дегенміз халық қанша қарсылық танытса да, шешімін тауып, міндетті түрде іске асатын амал екендігінің тағы бір дәлелі деп айтуға болар еді.

1928 жылы 9 желтоқсанда Қызылордадағы Қазақстан жаңа әліппешілердің өлкелік конференциясы баспасөз жұмысшыларының қабылдауында ашылды. Бұл жиынға қатысушылар арасында Жандос Оразұлы, Телжан Шонанұлы болды. Жиналғандар өз ойларын ортаға тастап, халықты сауаттандыру үшін күш-жігерлерін салатындарын баяндады. Халықтың 98 пайызы хат танымайды дей келе, Лениннің мына бір сөзін мысалға алады: «хат танымай отырып

мәдениетке жетуге болмайды», олай болса біздің қазаққа да айтылған сөз осы. Қазақ еңбекшілері де хат танымай мәдениетке, өнер білімге ие бола алмайды, деп халықты сауаттылыққа шақырды. Ол үшін қазақ еңбекшілерінің үлкен құралы әліппе. Бастаған ісіміз дұрыс болып, халыққа пайдасы тисе екен деген ниетте болды (Қазақстанда, 1930: 6-7).

Отаршыл Ресей империясының ұстанған осы қатерлі мемлекеттік идеясын жалғастырушы кеңестік дәуірдің билігін қолында ұстаған И.В. Сталин ұсақ ұлттарды кеңестік біртұтас ұлтқа айналдыру және түркі халықтарының ғасырлар бойы ұстанып келе жатқан араб жазу таңбасын орыс жазу таңбасына алмастыру туралы тікелей нұсқау бергенін профессор М. Всеволодованың «Правда» газетінде жарияланған мақаласында (06.03.1989 ж.) ашып берді. Бұл қасіреттің де тікелей жүзеге асуы Сталин нұсқауымен болғанын оның қолшоқпары болған Голощекиннің орталыққа жазған қызметтік хаты да ресми түрде айғақтап тұр (Мырзахметұлы, 2010: 167). Голощекиннің қазақ халқына көрсеткен қасіреті тек қана осы емес екендігі бізге мәлім. Осындай нұсқау бұйрықтардан кейін 1927 жылы Қазақстан Халық Комиссарлары Кеңесі жанынан жаңа әліпбиінің Орталық Кеңесі құрылды. 1928 жылы 19 желтоқсанда «Жаңа қазақ әрпін енгізу туралы» қаулы қабылданып, 1929 жылдың 1 қазанынан 1931 жылдың 1 қазанына дейінгі мерзімде жүзеге асырылып, «1931-32-ші оқу жылында барлық оқу орындарында ана тілінде оқыту тек жаңа әрппен жүргізілетін болды». Көп кешікпей 1929 жылы 25 шілдеде «Жаңа қазақ орфографиясын бекіту туралы» тағы бір қаулы жарық көрді. Онда араб әрпін игерудің техникалық қиыншылығы және оның «қазақ тілінің үндестігін дұрыс бере алмайтындығы, сондай-ақ оның діни құйтырқылығы» тағы да атап көрсетілді (Омарбеков, 2001: 93).

1939 жылы 13 желтоқсанда Жаңа қазақ алфавиті жөніндегі комитеттің «Жаңа алфавитке көшуді дайындау туралы» қаулысынан кейін қазақ жазуын латын әрпінен орыс графикасына негізделген жаңа алфавитке ауыстыру жұмыстары басталып, 1940 жылы 2 қарашада ҚКСР Халық Комиссарлар Кеңесінің «Латын әрпі негізіндегі қазақ жазуын орыс графикасы негізіндегі жаңа алфавитке ауыстыру туралы» қаулысы бекітілді (Махат, 2007:20). Латын тіліне көшуге қарсылық білдірген зиялы қауым өкілдерінің үрейі бекер болмағаны белгілі болып шықты. Латыннан халықтың қалауымен деген

желеумен тез арада орыс әрпіне көшу кеңестік билік басты ұстанымы екендігі белгілі болды. Яғни патша билігінің алдына қойған мақсатын кеңес үкіметі тез арада оңай шешімін тапты дегуге болады.

Жаңа алфавитке көшудің барысы туралы баспасөз беттерінде жарияланды. Осы тақырып бойынша «Социалистік Қазақстан» газетінде ҚК(б)П Орталық комитетінде қазақ жазбасын орыс графикасына негізделген жаңа алфавитке көшірудің барысы туралы мәселе қаралды. Қаулыға байланысты жұмыстар кешігіп орындалғандықтан жаңа алфавитке көшу ісі де баяу жүргізді. Оқу Халық Комиссариатының системасындағы 18267 мұғалімнен 4000 мұғалім жаңа алфавитті үйрететін курстарға таратылмаған. Әсіресе, Қарағанды облысында 1262, Батыс Қазақстан облысында 893, Гурьев облысында 586 және Оңтүстік Қазақстан облысында 487 мұғалім курсқа тартылмай қалды. Осындай кемшіліктерден кейін ҚК (б)П Орталық Комитетінің «Қазақ жазбасын орыс графикасына негізделген жаңа алфавитке көшіру туралы» қаулысы жедел іске асырылуын қамтамасыз етуді міндеттеді. Мемлекет мекемелері мен қоғамдық ұйымдарда 1 сәуірден қалмай жаңа алфавитті үйреніп шығуын қамтамасыз етілуіне басшылардың жауапты екендігін ескертілді.

Ең қысқа мерзім ішінде мектептің, техникумдардың және басқа оқу орындарының оқытушыларын, мекеме қызметкерлерін жаңа алфавитпен оқыту ісі аяқталуы керек, жұмысшылардың жаппай оқуы ұйымдастырылуы керек. Сауатты және шала сауаттылар мектептеріне арналған оқу құралдарын тез баспаға беру, бастауыш мектептерге арналған оқу құралдарын белгіленген мерзімде басып шығару Қазақ ССР оқу Халық Комиссариатына тапсырылды. 15 наурыздан қалдырмай қазақ орфографиясының сөздігін баспаға беру СССР ғылым Академиясының Қазақстандық филиалына жүктелді. Республикалық, облыстық және аудандық газет редакторларына қазақ жазбасын жаңа алфавитке көшіруге әзірліктің барысын үзбей жазып отыру міндеттелді. Халық Комиссарлары Кеңесінің 1940 жылғы 30 қарашадағы №838 «а» қаулысы бойынша Республика бойынша барлық халық 1941 жылдың 1 қазанынан, қазақ газет-журналдары, оқулықтар мен оқу құралдары жаңа алфавитке көшірілуі туралы қаулы қабылданды (ҚРОММ, 1692-қор, 1-тізбе, 307-іс: 1-3п). Осы қабылданған қаулыға байланысты жер-жерлерде орындалуын тексеру барысында аса бір қарқындылық байқалмады.

Мысалы, Алматы облысында жаңа алфавитке көшуге қатысты халық арасынан курсты ұйымдастырушы оқытушылар аталған мерзімнен 15-20 күн кеш бастады. Тіпті Дзержинск, Ақсу, Алакөл аудандарында одан да жай мерзімде басталды (ҚРОММ, 1692-қор, 1-тізбе, 307-іс: 9-10 п). Бұл жағдай Шығыс Қазақстан, Гурьев, Жамбыл, Солтүстік Қазақстан облыстарында да алғашқы уақытта дұрыс ұйымдаспағаны баяндамашылардың есебінен байқауға болады. Аталған облыстардың атынан баяндама жасаған баяндамашылар жаңа алфавитке көшу туралы есепте толық жауап бере алмады. Қысқа мерзім ішінде жұмыстың кемшін тұстарын басшылыққа алып, жаңа алфавитпен оқыту ісі аяқталуы керек, жұмысшылардың жаппай оқуы ұйымдастырылуы керек. Ол жөнінде есеп беріліп отыру қажет, деген қаулы шығарылды. Қаулы бойынша ҚазССР жаңа алфавитке қысқа мерзім ішінде жаппай көшіру. ҚК(б)П облыстық, қалалық, аудандық комитеттері басшылыққа айына екі рет жаңа алфавитке көшу барысы туралы есеп беру; Ересек адамдардың жаңа алфавитке көшуіне жағдай жасау, алғашқы кезекте мұғалімдер мен басқа да мәдениет орындарындағы қызметкерлерді қадағалау. «Сауатты болуға көмекші» газетіне жаңа алфавитке көшуге байланысты жұмысқа қабылдау және газетті 50 мың тиражбен айына 6 рет шығару. Жұмысқа қатысты қажеттілердің барлығымен қамтамасыз етуге байланысты қаулы шығарды (ҚРОММ, 1692-қор, 1-тізбе, 307-іс: 20-22-п).

Тарихшы Х.М. Әбжанов Ресейлік отарлаумен қазақ тілін ығыстыру бірнеше бағыт бойынша жүзеге асырыла бастағанын айтады. Іс қағаздары орыс тілінде жүргізілді. Қазақ тілі халық арасынан ығыстырыла бастаған кезде қазақ тілінде оқытылатын оқу орындарының жағдайы ауырлай берді. Мектептер мен медреседе оқығандарға мемлекеттік сұраныс болмады. Аралас немесе орыс тілінде білім алғандар ресми қызметке араласа алды. А. Байтұрсынұлының «Россия қол астында түрлі тілді, түрлі дінді, түрлі жазу-сызуды тұтынып отырған жұрттар бар. Солардың бәрі тілін, дінін, жазу-сызуын орысқа аударса, хұкметке одан артық ұнамды іс болмас», – деп қауіптенгенін көрсетеді (Абжанов, 2011:324). Расында да, тілге қатысты жүргізген Кеңес үкіметінің саясаты патша үкіметі ұстанған ұлт саясатының жалғасы екендігі сөзсіз. Орыс әліпбиіне көшу орыстандыру саясатының жалғасы екендігіне күмән туғызбайтындай етіп, әріптерді реформалауда бірнеше кезеңмен жүргізілгені де тегін емес еді.

Кеңестік биліктің Қазақстанда жүргізілген тіл саясатының қалыптасуын, оның барысын тарихи құжаттар негізінде зерттеген Д. Махат Кеңес өкіметі өзінің құрамына енген халықтарды сауаттандыру негізінде орыс тілін мемлекеттік тіл ретінде енгізуге 1926-1929 жылдары белсене кіріскендігін, ана тілін оқытын жергілікті халықтарға орыс тілін меңгертуге көп мән беру керектігін айтып, тіпті басқа пәндердің сағатын қысқартып, оның орнына орыс тілінің сағатын арттыру ұсынысын енгізді. Түркі тілдес республикаларды өзінің ғасырлар бойы қолданылып келген араб әрпінен латынға ауыстыруда отыршылдық саясаты жатқанын көрсетеді. Қазақстанда араб әрпінен латын тіліне көшу халықты сауатсыздандыру кезеңі болды дейді (Махат, 2007: 18).

1938-1940 жылдар арасында қабылданған қаулылар мен қарарлар Қазақстандағы тіл саясатына өзгерістер әкелді. 1938 жылы 24 қаңтарда қабылданған БК(б)П орталық Комитетінің «Ұлттық мектептерді қайта құру туралы» қаулысы орыс тілі мәселесін мемлекеттік дәрежеде түпкілікті шешуге жасалған қадам болып табылды. Ал, 1938 жылы 5 сәуірде ҚКСП-і Орталық Атқару комитеті мен Халық Комиссарлар Кеңесінің қаулысында:

«Біріншіден, көп ұлтты Отанымыз – КСРО-да, орыс тілін білу шаруашылық және мәдени жағынан өсіп-өркендеуге мүмкіндік әперетін, КСРО халықтарының өзара байланыс және қарым-қатынасының күшті құралы.

Екіншіден, орыс тілін білу ұлттық кадрлардың ғылым мен техника саласын түсініп одан әрі жетілуіне жағдай жасайды.

Үшіншіден, орыс тілін білу қазақ еңбекшілерінің Жұмысшы-Шаруа Қызыл Әскері мен Әскери-Теңіз Флоты қатарында әскери борышын жақсы атқаруына қажетті мүмкіндік жасайды», – деп орыс тілін қазақ мектептерінде оқытылуын міндетті етіп көрсетті. Кеңестік мектептерде орыс тілін оқытуға ерекше көңіл бөлініп, мерзімді басылымдар бойынша насихатталды. Ұлттық мектептердің орыс тілі пәнінің мұғалімдерін қайта даярлау курстарынан өткізе бастады (Махат, 2007:18-19). Қазақ халының арасында орыс әріптерін тез қарқында меңгерту үшін сол кезде жарияланатын «Жаңа мектеп» журналы қазақ мектептеріне қажетті бағдарламаларды жариялады және еуропалық жазушылардың шығармалары қазақ тіліне аударып берілді (ҚРОММ, 81-қор, 4-тізбе, 3-іс:153-154-п). Қазақ мектептерінде орыс тілінде білім беру мақсатында жаздық қысқа мерзімді қайта

даярлау курсы өткізілді. Онда 3156 мұғалім 78,6 % курстан өтті. 1938-39 оқу жылына орыс тіліне арналған оқу жоспарлары құрастырылды. 461000 данадан тұратын 8 оқулық басып шығарылды. Барлық орыс емес мектептер оқу құралдарымен қамтамасыз етілді. Орыс тілін оқыту туралы 11 әдістемелік нұсқаулар басып шығарылып барлық мектептерге таратылды. Тілді дамытуға арналған 40 бояулы суреттер басып шығарылды (ҚРОММ, 1692-қор, 1-тізбе, 136-іс:1-п). Барлық қазақ мектептерінде орыс тілі пәні жүргізілді. Оқу жылының басында Оңтүстік Қазақстан облысында 47 мектеп, Қарағанды облысы, Солтүстік Қазақстан облысы бойынша орыс тілі пәнінің мұғалімдері жетіспеушілігіне байланысты жүргізілмесе, бірінші тоқсанның аяғына қарай ондай олқылықтар болмады [(ҚРОММ, 1692-қор, 1-тізбе, 136-іс: 2-3-п.]. Білім беруде мұғалімдердің сапасын жақсарту үшін, оларға қолдау көрсетіп, қадағалау қажет. Бір-бірімен тәжірибе алмасу керектігін талқылады (ҚРОММ, 1692-қор, 1-тізбе, 136-іс:5-6-п). Сонымен қатар орыс тілін үйрену үшін курстардан өтті. Дегенмен орыс тілін меңгеру төменгі дәрежеде болғаны да белгілі. Қазақ мектептерінде орыс тілін оқыту төмен дәрежеде болуының тағы бір себебі, сабаққа дайындықсыз келген мұғалімдер және орыс тілін өздерінің дұрыс меңгермеуі еді. Қазақ мектептері оқулықтар мен оқу дәптерлерімен дұрыс қамтамасыз етпеді. Осындай кемшіліктер 1938 жылдың 13 наурызда қабылданған «Об обязательном изучении русского языка в школах национальных республик и областей» деген қаулыға сәйкес келмеді. Орыс тілін үйренудің сапасын жақсарту мақсатында қаулы қабылданды. Онда Кеңес Одағы көпұлтты мемлекет болғандықтан орыс тілін білу мәдени өсуге ықпал етеді, халықтар арасында байланыс орнайды. Орыс тілін меңгеру ғылыми және техникалық таным саласында ұлттық кадрларды одан әрі жетілдіруге ықпал етеді, деп орыс тілін барынша үйренуге күш-жігерін салды. Сонымен қатар, 4 сыныпты аяқтаған оқушы қарапайым сөздерді біліп, оқи алу, жаза білуді үйрену; Толық емес орта мектепті аяқтаған оқушы орыс тілінде ойын ауызша және жазбаша түрде еркін жеткізе алу керек. Орыс әдебиеттерін өз бетінше

қолдану; 10 сыныпты аяқтаған оқушы орыс тілінің заңдары мен негізгі құқықтарын білу, көркем әдеби, ғылыми әдебиеттерді еркін оқып, түсіну. Оқыған еңбектерінен жазбаша мазмұнын жазу сынды міндеттемелер де жүктелді (ҚРОММ, 1692-қор, 1-тізбе, 136-іс:16-17-п), деген ұстанымды алға тарта отырып, халықты сауаттандырамыз деген желеумен орыс тілін үйренуге мәжбүрледі деуге болады. Біз көрсетіп отырған кезең шетелдік ғалымдар тарапынан қызығушылық тудыратындығы мәлім. Себебі, аталған тақырып бойынша шетелдік ғалымдардың зерттеу жұмыстары көптеп кездеседі. Соның бірі Гарвард университетінің профессоры Терри Мартин өзінің еңбегінде Кеңес Одағының көп ұлтты мемлекет екендігі туралы, олардың мәдениеті, тілі туралы баяндайды.

Қорытынды

Қорыта айтқанда XX ғасырдың басындағы Кеңес үкіметінің жүргізіп отырған ағартушылық саясаты қазақ қоғамына үлкен әсер еткенін байқауға болады. Дегенмен осы кезде кеңестік биліктің өзінің бағытының өзгертуі тіл саясатына қатты ықпалын тигізді. Мәселен, латындандыру жұмысы кеңес үкіметінің тағы бір тәжірибесінің бірі еді. Сондықтан да латын әліпбиінің негізінде жасалған жазу үлгісі 1929 жылдан 1940 жылға дейін қолданылып, кейін кириллицаға ауыстырылғаны белгілі. Тәуелсіздігімізге қол жеткізіп, егеменді ел болғанымызбен ұлттық санамызға орыс тілінің енгендігі соншалықты қазіргі уақытқа дейін орыс тілін ана тілінен де жақсы меңгергендер саны әлі де болса жетерлік. Бұл әрине өкінішті жағдай. Дегенмен мемлекетіміздің тұңғыш президенті, Елбасы Н.Ә. Назарбаев 2017 жылы 12 сәуірде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында латын әліпбиіне көшуді бастау қажеттігін айтқаны белгілі. Басқа да түркі елдерінің тәжірибесіне сүйене келіп, ертеде қолданған әліпбиге қайта оралып, ұлттық санамыздың бұғаудан босатылып, рухани жаңғыруға жол ашылу мақсатында осындай қадамға баруымыз өте орынды деп білемін.

Әдебиеттер

- Тоқаев Қ.К. Тәуелсіздік бәрінен қымбат // Егемен Қазақстан.2021.05.01.
Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. 2017. 12.04.
Жүргенов Т. (1936). Қазақстанда сауатсыздықты жою жұмысы туралы. Алма-Ата: Қазақстан баспасы. 23 б.

Омарбеков Т. (2001). XX ғасырдағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелері: көмекші оқу құралы. – Алматы: ҚАЗАқпарат. 404 б.

Байдавлетова М., Исакова Г.З., Өскенбай М.Ә. (2016) Қазақ зиялыларының мектептегі оқыту мәселелеріне байланысты көзқарастары // ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы. №2(81). 134-138 бб.

Сыздықова Р. (1990). Ахмет Байтұрсынов. Алматы: Қазақ ССР «білім» қоғамы. 52 б.

Васильев А. (1912). Букварь для киргизов. Изд. 2-ое. №19. Казань: Центральная типография. 54 с.

Смағұлова С. (2011). Қазақ мерзімді баспасөзі: шығу тарихы мен деректік маңызы (XX ғасырдың 20-30 жж.). Алматы: «Елтаным баспасы». 432 б.

Махат Данагүл. (2007). Тіл мен діл тағдыры: Тарихи деректер, уақыт бедері және ақиқат (мақалалар мен зерттеулер). – Астана: «Ана тіл – Ата тарих» баспа-зерттеу орталығы ЖШС. 192 б.

Шонанұлы Т. (2017). Бес томдық шығармалар жинағы. 5-том. Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты. 255 б.

Шонанұлы Т. (2011). Шығармалар, зерттеулер және мақалалар. Алматы: «Ел-шежіре». 368 б.

Amanzholova D. (2018). Language policy and management class formation in the Kazakh Autonomous Soviet Socialist Republic. 1920-1936 years. Al-Farabi Kazakh National University. Journal of history. №1(88). 12-19 p.

Мырзахметұлы М. (2010). Қазақ қалай орыстандырылды? Алматы. 400 б.

Қазақстанда жаңа әліппешілердің өлкелік тұңғыш кәңференесі (1929 ж., декәбір 9-12). (1930). Қазақстан баспасы. 89 б.

Жаңа алфавитке көшудің барысы туралы. ҚРОММ, 1692-қор, 1-тізбе, 307-іс.

Абжанов Х.М. (2011). Түркі әлеміндегі Қазақстан: іргелі тарих және методология. Петропавл: АО «Полиграфия». 364 б.

Руководящий материал вышестоящих органов по антирелигиозной пропаганде, об итогах комплектования высших учебных заведений и др. ҚРОММ, 81-қор, 4-тізбе, 3-іс.

Состояние преподавание русского языка. ҚРОММ, 1692-қор, 1-тізбе, 136-іс.

References

Tokaev K.K. Tauelsizdik barinen kumbat [Independence is more precious than anything else]// Egemen Kazakstan. 2021.05.01
Nazarbayev N. Bolashakka bagdar: ruhani zhangiru [Looking to the future: modernization of public consciousness]// Egemen Kazakstan 2017. 12.04.

Zhurgenov T. (1936). Kazakstanda sauatsyzdykti zhoizhumisi turali. [On the work to eliminate illiteracy in Kazakhstan] Alma-Ata: Kazakstan baspasy. 23b.

Omarbekov T. (2001). XX gasirdagy Kazakstan tarihinin ozekty maseleleri. [Actual problems of the history of Kazakhstan in the XX century] Komekshy oku kuraly. Almaty: KAZakparat. 404b.

Baydavletova M., Iskakova G.Z., Oskenbay M.A. (2016) Kazakh ziyalilarynyn mekteptegi okytu maselelerine baylanisty kozkarastary. (Kazakh intellectuals views on the problems of school education). KazUY Habarchy. Tarih seriysy. №2(81). 134-138 bb

Syzdykova R. (1990). Ahmet Baytursynov. [Akhetmet Baitursynov]. Almaty: Kazak SSR “bilim” qogamy. 52b.

Vasilev A. (1912). Bukvar dly kirgizov. [ABC book for Kyrgyz people] Izd. 2-oe №19. Qazan: Sentralnaya tipografiy. 54str.

Smagulova S. (2011). Qazaq mersimdi baspasozii: shygu tarihi men derektik manizi (XX gasirdin 20-30 zhzh.) [Kazakh Periodical Press: history of origin and historical significance (20-30s of the XX century.)]. Almaty: “Eltanym baspasy”. 432b.

Mahat Danagul. (2007). Til men dil tagdiry: Tarihi derekter, uakyt bedery zhane akikat (makalalar men zertteuler). [The fate of language and mentality: historical facts, time relief and truth (articles and research)]. Astana: “Ana til- Ata tarih” baspa- zertteu ortalygy ZhChS. 192b.

Chonanuly T. (2017). Bes tomdyk chygarmalar zhinagy. 5-tom. [Collection of works in five volumes. Volume 5.]. Almaty: Memlekettik tilde damyту instituty. 255b.

Chonanuly T. (2011). (chygarmalar, zertteuler zhane makalalar). [(works, research, and articles)] Almaty. “El-chezhire”. 368b

Amanzholova D. (2018). Language policy and management class formation in the Kazakh Autonomous Soviet Socialist Republic. 1920-1936 years. Al-Farabi Kazakh National University. Journal of history. №1(88). 12-19 p.

Myrzahmetuly M. (2010). Qazaq qalay orystandyryldy? [How was Kazakh Russified?]. Almaty. 400b.

Qazaqstanda zhana alippeshilerdin olkelik tungysh kanferensesi (1929zh., dekabir 9-12). [The first regional conference of new alphabets in Kazakhstan (December 9-12, 1929)] (1930). Qazaqstan baspasy. 89b.

Zhana alfavitke kochudin barysy turali. QPOMM, 1692-qor, 1-rizbe, 307-is.

Abzhaov H.M. (2011). Turki alemindegi Qazaqstan: irgeli tarih zhane metodologiy. [Kazakhstan in the Turkic World: fundamental history and methodology]. Petropavl: AO “Poligrafy”. 364b.

Rukovadychii material vychestoychih organov po antireligioznoi propogande, ob itogah komplektovaniy vyschih uzhebnih zavedenii i dr. QPOMM, 81-qor, 4-rizbe, 3-is

Sostoyanie prepodovaniye russkogo yazika. QPOMM, 1692-qor, 1-rizbe, 136-is.